

**Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау
немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде
мемлекеттік тілді білуіне арналған тест тапсырмасының үлгісі**

ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ

1-мәтін

**Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан тәуелсіз, бай әрі жас мемлекет.
Қазақстанда көп ұлт өкілі тұрады. Қазақ жері үлкен және өте бай. Онда
көмір, мұнай, газ, алтын бар. Қазақстанда бидай, жүгері, күріш өседі.**

1. Қажетті қосымшаны қойыңыз.

Қазақстан... көмір, мұнай, газ, алтын бар.

- A) -ға**
- B) -мен**
- C) -нан**
- D) -да**

2. Сұраққа жауап беріңіз.

Қазақстанның жері қандай?

- A) көп**
- B) үлкен**
- C) егемен**
- D) тәуелсіз**

3. Сөйлемді толықтырыңыз.

Менің Отанымда ... өседі.

- A) газ**
- B) көмір**

С) бидай

D) алтын

2-мәтін

Менің атым – Мұрат. Жасым жиырмада. Менің отбасым үлкен. Олар: әкем, анам, ағам, әпкем, інім, қарындасым және өзім. Менің әкем – Асқар, анам – Мариям. Олар орта жаста. Менің қарт атам бар, ол 80 жаста. Ағам – Сұлтан. Оның әйелі және бес баласы бар.

4. Мұраттың жасы нешеде?

A) елуде

B) сексенде

C) жиырмада

D) жиырма бесте

5. Сөйлемді толықтырыңыз.

Менің ... атам бар, ол сексенде.

A) жас

B) қарт

C) үлкен

D) нағашы

6. Мәтін мазмұнында бар ақпаратты табыңыз.

A) Ағамның отбасы бар.

B) Отбасым кішкентай.

C) Әпкемнің де отбасы бар.

D) Ата-анам – зейнеткерлер